

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 978 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 460-қосымшада :

4-тармақта "Арал қаласында 100 төсек-орындық туберкулез диспансерін," деген сөздерден кейін "Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Жосалы кентінде 60 төсек-орындық туберкулез ауруханасын, Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Тереңөзек кентінде 50 төсек-орындық туберкулез ауруханасын" деген сөздермен толықтырылсын ;

6 - тармақтың кестесінде :

033 "Туберкулез ұйымдарын салуға Қызылорда облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада:

5-бағандағы "туберкулез диспансерін" деген сөздерден кейін ", Қармақшы ауданындағы Жосалы кентінде 60 төсек-орындық туберкулез ауруханасын, Сырдария ауданындағы Тереңөзек кентінде 50 төсек-орындық туберкулез ауруханасын" деген сөздермен толықтырылсын ;

7-тармақта "100 төсек-орындық туберкулез диспансерін" деген сөздерден кейін " Қармақшы ауданындағы Жосалы кентінде 60 төсек-орындық туберкулез ауруханасын, Сырдария ауданындағы Тереңөзек кентінде 50 төсек-орындық туберкулез ауруханасын " деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі